

Егемен Қазақстан

Сабақтастық құбылысы

Қазақ елінің ұлы мұраты жолындағы ұлттық-рухани құндылықтарды айқындап, көсемдікпен жіктеп көрсеткен замана қайраткері Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық байыптамасында: «Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес, керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану – көргенділікті көрсетеді» деп айтылған.



Иә, орынсыз, жөнсіз, даңғаза дағды-әдеттер, пасық пысықайлардың шайтанның дұғасындай мағынасыз балдыр сөздері салтанатты асқақ аудиториялардың да, жиын-тойлардың да, жиналғандардың да берекесін кетіретіні анық. Жалған намысқа тырысу, өткінші қызыққа берілу хақында дана халқымыздың: «Өсер елдің баласы қозысын бағып қой қылар, Өспейтін елдің

баласы қойын сойып той қылар» деген накылы бар-ау! Ұлы жұртымыздың ұлық, озық мәдени-тарихи дәстүрлері, асыл өсиет-ғибраттары, қарекеттері, адамгершілік қасиеттері – Мәңгілік Елдің төріне шығаратын, руханият кеңістігінде шарықтататын қамал-қорғанымыз, қорғап-қолдаушымыз. Мұның аты – ұлт пен ұрпақ қамын діттейтін кісілік ірілікке, тұлғалық бітім мен мінезге жерден пішіп алғандай «толық кәмәлатқа» ие үлкендік. Толық тұлғаға үлгілік, ізгілік, сыпайылық таныту, біліктілік, көшелілік көрсету, жарқын бастамаға, жақсы іске жанқиярлықпен қол ұшын, ақыл-кеңесін беру, өмір, тағдыр жолында алтын балық іле-тұғын қармақ ұстату, байсалды, әділетті сөйлеу, мінсіз шешім шығару, сонымен қатар кішілерге үлкенді тыңдау, тағылым-тәжірибесін, сөзін, ар-ожданын ой-санаға ұялату әрі құрметтеп сыйлау – байырғы қымбат жауһарымыз еді. Ұлттық сананың айрықша таза, көркем қасиеттерге, сәулет-сымбатқа ие болуы өте маңызды. Мысалы, Алаш зиялыларының мемлекет, ұлт, халық, тарих, мәдениет, тіл, дін, жер үшін сіңірген ұшан-теңіз жақсылықтары жұрттың мұрат-тілегінен әрі адамгершілік пен әдеп-мәдениетінен туындағаны кәміл. Бұрынғы аналарымыз үйелмелі-сүйелмелі балаларына: «Бір үйлі жансың, бір-біріне қонақсың» деп отырады екен. Татулық-ынтымаққа баулу дегеніміз осы. «Тәрбиеліліктен асқан мұра жоқ, кеңестен асқан қорған жоқ, даналықтан асқан байлық жоқ» деп Имам Әли айтқан. БҰҰ Бас Ассамблеясында Элеонора Рузвельттің (1884-1962) «Адамгершілік қарым-қатынас ғылымын жасауға міндеттіміз» деп нығырлап айтқаны бар. Тіріде сыйлайтындай, өлгенде жылайтындай өз ортаңмен әдемі, жарастықты қарым-қатынас жасай білу – өнердің падишасы, ізгіліктің қағидасы. Иә, тарих сахнасында Ескендір Зұлқарнайынның айдай әлемге данқын жайған өзінің қарамағындағылар ғой. Ал бұл күнде бағыныштылар жалыныштылар есебінде. Жыланша арбайтын сумаңдаған құбақан жылымқұрттар, «кеселді қулар», құбыжық көріністер қоғамның ішкі өзегін жегідей жеп барады. Бұл ретте халықтың ақыл-аузындай, арқан-қазығындай үлкендердің мойнында ұлы қызмет бар. «Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұраншақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, алғырлардың, артықтардың мінезі», деп Абай жасы, жаны, жолы, ақылы өзгеше алуан қырлы ел серкелерінің нағыз болмысын нақты сипаттайды. Елді аузына қаратқан кейбір құзғындардың айлалы әрекеттер жасап, бойында дүниеқоңыздық, жағымпаздық, шенқұмарлық өршіп, мысықтабандап жылжып дегенін істетеді, айтқанына көндіреді, арыстанның аузындағыны қағып түсіреді. Абай айтады: «Кәпір көздің дүниеде араны үлкен, Алған сайын дүниеге тоя ма екен...» немесе «Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең, Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең. Тіпті оңбассың өзіңе-өзің мәз боп, Дастархан мен қатынды мақтан көрсең». Мұны қазіргі жаһандану жағдайындағы қоғамның суреті ғой дерсің! Заман, уақыт, парасат биігінен сөйлейтін, ұлттық игіліктерді бойтұмардай кие санайтын дана жұртымыздың: «Көп отырсаң көл азады, Көп сабылса жер азады, Көп жасаса, ер азады, Ер азған соң, ел азады» дегенінде шындықтың сәулесі бар-ау! Ұстаздық, хакімдік, ойшылдық-оқымыстылық жолда, ел басқару өнерінде, билер институты тарихында, ата тарихымызда, ата дәстүрімізде, оқу мен тыңдау, ойлау, жазу мен сөйлеу өнерінде, ғылым, мәдениет, білім беру жүйесінде, ата мен немере, әке мен бала арасында, аға буын мен жас буын ортасында, өнер атауларының баршасында сабақтастық, өзара байланыстылық болмайынша рухани өркендеу, жетілу, жаңару болмайды, ұлттық сана, мәдениет көркейіп жетілмейді. Негізінде, сабақтастық құбылысы – ұлттық өркендеудің күретамыры!

Серік Негимов